



ӨРКЕНІҢ ӨССІН!

Айбек – радиобайқау жүлдегері

Ж.ӘБДІКӘРІМ

Биыл Қазақстан халқы ассамблеясы мен «Қазақстан» республикалық телерадио корпорациясының Қазақ радиосы бірлесіп республикалық «Менің өлім – Мәңгілік Ел» шығармашылық радиобайқауын ұйымдастырған болатын.

Байқауға өліміздің түкпір-түкпірінен шығармаларын

жолдаған өрендердің ішінен 4 оқушы озық шықса, солардың бірі – Екібастұздағы №26 гимназия-мектебінің 11-сынып оқушысы Айбек Қасеналин. Ал осы сынып оқушылары Мәдина Тәуекелова мен Анелия Қабжанова алғыс хаттарға ие болды. Оқушыларды байқауға дайындаған – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Анар Баймағанбетова.

Жүзден жүйрік танылғандар 11 қараша күні ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының «Ассамблея» залында марапатталды. Жеңімпаздарға жүлделерді «Балапан» телеарнасының директоры Ләйле Сұлтанқызы, журналист-тележүргізуші Гүлмира Дайрабай сияқты танымал тұлғалар табыстады.



Анар Баймағанбетова жүлдегер шәкірттерімен